

**«Turan mektebi» атындағы жалпы білім беретін мектебінде  
« Ұл бала тәртібі» , «Ұл балалардың жеке гигиенасы» , «мектеп  
формасы» тақырыбында ұлдармен өткізілген кеңестің**

**Хаттамасы**

Мерзімі: 13.09. 2023 жыл

Қатысқандар: 5-9 сынып ұлдары

Жалпы қатысқандар саны: \_\_\_\_\_ оқушы ұлдар

**Кеңестің жүргізілу барысы:**

1. «Сәлемдесу салт жорағысы» тақырыбындағы тренинг және жаттығу мектеп педагог- психологы: Жанұзақова Ж.Ш.
2. Ұл бала тәрбиесі туралы ұғымдар жайлы дене шынықтыру сабағының мұғалімі Мамасерипов А.
3. Медбике: Қожанова П.Т. «Ұл балалардың жеке гигиенасы» туралы айтып өтті
4. «Ұл бала тәртібі» тақырыбында ДТІЖО Медетбекова А.А.
5. Мектеп педагог- психологы: Жанұзақова Ж.Ш. – «Мектеп формасы» жайында

**«Ұл бала тәртібі» тақырыбында ДТІЖО Медетбекова А.А. Ұл бала тәрбиесі туралы ұғымдар жайлы дене шынықтыру сабағының мұғалімі Мамасерипов А.**

Жиналыста ұлдардың тәртібі, сабаққа қатысуы, мектеп формасы, отбасындағы ұл бала тәрбиесінің ерекшеліктері, қоғамдық ортада ұл бала өзін қалай ұстау керектігі жайлы айтылды.

Жиналыста ұлдардың тәртібі, сабаққа қатысуы, мектеп формасы, жайлы айтылды. ҚР ӘҚБ Кодексінің 442 бабы Кәмелетке толмағандардың заңды өкілдеріне еріп жүруінсіз түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде немесе тұрғынжайдан тыс жерде болуы яғни оқушылардың түнгі уақытта заңды өкілдерісіз сағат 22:00 ден таңғы 06-ға дейінгі уақытта жүрмеуге. Сонымен қатар әлім жеттік, күш көрсету бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді . 435 бапта Кәмелетке толмаған адам жасаған бұзақылық бойынша ата-анасына айып пұл салынатындығы және 436 бапта елдімекендерде атыс қаруынан, газды, пневматикалық, лақтыратын және электрлі қарудан оқ ату, пиротехникалық бұйымдарды қолдану бойынша қару тәркіленіп 20 АКП салынатындығын туралы айтылды.



**Медбике: Қожанова П.Т. «Ұл балалардың жеке гигиенасы» туралы айтып өтті:**

Гигиена мәселесі жөнінде: Іс-әрекет - даму мен денсаулық факторы. Баланы тәрбиелеу (еңбекке баулу, ой- өріс, әдет- ғұрыпқа) жан- жақты жүргізіледі, бірақ, жас мөлшеріне байланысты мұндай тәрбиелеу аспектілерінің арасындағы қатынас олардың түрлеріне байланысты болып келеді. Баланың іс-әрекеті оның организмінің өсуі мен дамуын анықтайтын, өмір сүруіне ең қажетті фактордың бірі болып саналады.

Қимыл-қозғалыс өмір сүрудің маңызды шарты болғандықтан, өсіп келе жатқан организм биологиялық қимыл-қозғалыс қажеттілігін сезінеді. Әсіресе үдемелі өсіп-даму кезеңінде қимыл-қозғалыс қажетігінің маңызы арта түседі. Өйткені, қимыл-қозғалысты іс-әрекеттер биологиялық дамуды жақсартуға ғана емес, сонымен қатар, дағдылану механизмдерін де қалыптастырушы фактор болып табылады.

Қимыл-қозғалыс белсенділігі орталық жүйке-жүйесінің, бұлшық еттердің, дамуын жақсартады, зат алмасуын жоғарылатуға қатысады, сөйлеу қаблетінің дұрыс қалыптасуына әсер етеді. Балалар ертерек жүріп кетсе, оның сөйлеуі де тезірек қалыптасады, мектеп жасына дейінгі кезеңде іс-әрекет қимылдары жақсы қалыптаса бастаса, одан былайғы еңбек дағдылары да жеңіл дамиды.

Солай болғанымен, қимыл-қозғалыстағы биологиялық қажеттілік, балаларды дұрыс тәрбиелемегендіктен болатын гиподинамияның дамуын жоққа шығармайды. Мұндай жағдайлар, көбінесе, қимыл-қозғалыстағы табиғи қажеттілік ата-анасының тәрбиесіне байланысты (жаяу жүргізудің орнына балаларға арбашаларды қолдану, телехабарларға көп әуестендіру т.с.с.) шектелген, мектеп жасына дейінгі балаларда кездеседі.

Іс-әрекеттің кез келген түрінің, организмнің функционалдық мүмкіндіктерін уақытша азайтуға, яғни, қажуға әкеліп соғуы, оның заңды нәтижесі болып есептеледі. Бұл процесс қайтымды және жұмысты тоқтату, жоғалған қызмет қаблетін қайтадан қалпына келтіреді.

Қызмет қаблетінің үш фазасын айыруға болады: еңбекке дағдылану, ең өнімді жұмыс уақыты және қажу. Еңбекке дағдылану фазасы жұмыс қаблетінің ақырындап ең өнімді жұмыс уақыты фазасына дейін көтеріле бастауымен сипатталады, одан соң қажу фазасы дами бастайды.

Сондықтан, қатты қажуды болғызбау үшін, балалардың іс-әрекеттерінің барлығы мөлшерленуі керек. Гигиеналық нормаландыру баланың жас мөлшеріне және организмдерінің қызмет мүмкіндіктеріне байланысты жасалады.

Организмнің қоршаған ортамен байланысында, үнемі ішкі және сыртқы ритмдер бір-бірімен әсерлесіп отырады, олардың қосындысы физиологиялық жағдайды анықтайды. Биологиялық ритмдер дегеніміз - организмнің әртүрлі жағдайларының және физиологиялық қызметтерінің белсенділігінің мезгіл сайын алмасып тұруы.

Организмнің биоритмологиялық құрлысы тұқым қуалағыштық заңы бойынша жасалаған және онтогенез процессінде үзіліссіз құрылып тұрады. Бірақ, әрбір биологиялық циклдың құрылуына, белгілі-бір алдыңғы себептер қажет болады.

Сондықтан, биологиялық ритмдер, балалар организмдерінің қоршаған ортаға дағдылануының негізгі механизмдерінің бірі болып есептелінеді. Егер, баланың іс-әрекеттерінің (оқу, дене еңбегі) қандайда бір ритмі оның биологиялық ритмімен қабаттаса жүрсе, онда ол қызмет қаблетінің жоғарлауымен көрінеді.



**Ұлдармен мектеп формасы жайлы сұхбаттасу, мектеп педагог-психологы: Жанұзақова Ж.Ш.**

Мектеп формасының өзіндік ережесі бар. Ереженің мақсаты – міндетті мектеп формасын қолдануда орта білім беру ұйымдарының бірыңғай келісімін қамтамасыз ету, ата-аналардың мектеп формасына жағымды қатынасын қалыптастыру, оқытудың зайырлы сипатын сақтауда оқу орны басшыларының және қоғамдық кеңестердің (мектеп кеңесі, қамқоршылық кеңес, ата-аналар комитеті) жауапкершілігін арттыру.

